

пелі өзбектер» атты этноқауымдастықта болып, оның құрамында маңғыт, шибанилық және ордаежендік тайпалар тобының болғандығын Рузбихан атап өтеді [4, 32].

Қазақ халқының негізін ордаежендік тайпалар тобының құрағандығы жазба деректерге талдау жасау арқылы анықталды. Бұл топтағы арғын, қыпшақ, алшын тайпалары мен тайпалық бірлестіктері монғол жаулаушылығына дейін Қазақстан аумағындағы этникалық процестердің басты компоненттерін құраса, оларға кейін қосылған жалайыр, қоңырат, найман, керей тайпалары XIII-XV ғғ. Орда Ежен Ұлысында болып, осы дәуірдегі этникалық дамуға қатысады.

Ордаежендік тайпалар XV ғасырдың ортасында "көшпелі өзбектер" этноқауымдастығынан бөлініп, жаңа ұлттық сипаттағы қазақ этносын дүниеге келтіреді, ал ол кезегінде, яғни бөліну процесі Қазақ хандығының құрылуының этникалық негізін құрайды. Сондықтан да біз осы кезеңдегі этникалық дамулар барысын Қазақ хандығы құрылуының этникалық алғышарттарына жатқызамыз.

Сонымен, Қазақ хандығы құрылуының Қазақстан тарихындағы алатын тарихи маңызы зор. XV ғасырдың ортасына дейін этникалық мәндегі "өзбек", "көшпелі өзбек" ұғымдарының орнына "қазақ" ұғымының, географиялық мәндегі Дешті Қыпшақ ұғымының орнына "Қазақстан" атауының, сондай-ақ Әбілхайыр хандығы, Ноғай ордасы, Ақ Орда сияқты саяси ұғымдардың орнына Қазақ хандығы атауы пайда болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев.Тарих толқынында. – Алматы: – Атамұра, – 1999. – 296б.
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Төрт томдық. – Т – Алматы,1996. – 544б
3. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды // В кн. на стыке континентов и цивилизации. (из опыта образования и распада империй X-XVI вв) – М.,1996. – С.277-526.
4. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-ий Бухара. (Записки Бухарского гостя) /Перевод, предисловие и примечания Р.П.Джалиловой. Под ред: А.К.Арендса. – М., 1976. – 196с

ТӘУКЕ ХАН

Толқын Амантайқызы Еришева

тарих магистрі

Қуаныш Бектұрғанов

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Біртұтас замандағы Қазақ ордасында тура отыз бес жыл билік құрған Әз Тәуке - Салқам Жәңгір ханның бел баласы. Шешесі – қалмақ қызы. Әкесінің көзі тірісінде Шығыс Түркістан тарабындағы елшілікке қатысуына қарасақ, бері санағанда – 1635-1640 жылдар шамасында туған. 1680 жылы ақ киізге көтерілгенде ақыл тоқтатқан кемел жаста. Есім хан заманының оқиғаларынан нақты хабардар, Жәңгір хан заманындағы ахуалға тікелей куәгер деген сөз. Қайраткер ретінде қалыптасу кезеңі отыз жылдық тыныштық дәуіріне сәйкеседі [1, 85].

Тәукенің әкесі Жәңгір ханның қалмақ ханшасына үйленуі жөнінде ауыз әдебиетіндегі аңыздар негізіндегі бірнеше бағыттағы талдаулар жасауға болады. Оның бірі – шығыста ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша бейбіт қарым-қатынастың кепілі ретінде бір ел екінші елге қыз ұзатуы мүмкін. Тәукенің атасы Еңсегей бойлы ер Есім Ырғыз өзенін бойлай көшіп жүрген қалмақ тайшысының қызына құда түсіп, Жәңгірге қалмақ аруын қосса керек. Жәңгірдің қалмақ қызына үйленуін екінші бір себебін былай

тұспалдауға болады: 1635 жылы Сібір татарларының мағлұматтарында қара қалмақ тайшысы мен қазақтар арасындағы соғыста Есімнің ұлының тұтқынға түскендігі туралы айтылады. Жәңгір осы тұтқында жүріп қалмақ қызына қосылуы ықтимал. Негізі, мұндай оқиға батырлар жырының мазмұнында көп кездеседі [4, 10-11].

Жеті жарғының жазбаша нұсқасы жоқ, мүмкін ол болмаған да шығар. Жеті жарғы деп әз Тәуке ханның жанындағы Кеңес, яғни «Хан кеңесі» аталған. Кеңестің шешімдері кейінен заң түрінде өмірге ене бастаған. «Жеті жарғыны» түп өзегі Еуразия көшпелілерінің бірнеше мың жылдар бұрын қалыптасқан әдет-ғұрыптық заңдарына негізделен. Қазақ шежіресінде «Жеті жарғы» көбінесе «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген атаумен белгілі. М.Ж. Көпейұлы бұл туралы: «Күлтөбеде күнде кеңес» – осы әз-Тәуке тұсында айтылған сөз», – деген. Ол заманда билік құрылымы бірнеше сатыға жүйеленіп, тәртібі «Жеті Жарғыда» нақты бекітілді. Биліктің ең биік сатысы орда билерінен, Түркістан мен Ташкент маңындағы отырықшы халықтың, қазақпен одақтас қырғыз, қарақалпақ сияқты халықтардың басшылары мен өкілдерінен құралған [5, 22]

Шығыс тарихшысы Рашид-ад-дин «Жәми ат-тауарих» атты еңбегінде түркі-моңғолдардың ұлы тайпаларының бірі жалайырлар туралы айта келе моңғол үстемдігі тұсында «жарғы» сөзінің «би» мағынасында қолданылғанын жазады. Белгілі зерттеушілер Ғ. Сапарғалиев пен А. Гаркавецтің аудармасындағы ортағасырлық қыпшақ тілі осы жинақта «жарғы – ең алдымен, сот шешімі, барша істерді тергеу», ал «жарғышы» – «би» мағынасында қолданылып, «Жарғышы сауатты, дана, ақылды болуы, діни жазбаның күшін білуі керек, барша адамдардың мінезін біліп, жарғыны әділ шығаруы керек» [8, 23] делінген.

«Жарғы» сөзінің мағынасына қатысты деректерді қалмақ тарихынан да жиі кездестіреміз. Қалмақ тілінде «жарғы» «зарго деп аталады және оның құрамы 6-8 адам шамасында көрсетіледі. Қалмақ хандығының жоғарғы билік кеңесіне байланысты «найман зарго» деген атау кездеседі. «Найман» қалмақша «сегіз» санын білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды, бұл «сегіз бидің кеңесі» деп аударылады.

Әдебиетте «Жеті жарғыны» жеті бидің туындысы, жеті бидің қатысуымен қабылданған қазақ заңы» деп тұжырымдау әжептеуір орын алады. Н. Гродеков: «Тәуке хан тұсында жеті би, яғни «жеті жарғыш» немесе «жеті жарғы» жеті іс бітірген қызметкерлер жиналған», – дейді. Л.А. Словоохотов та: «Тәуке хан жеті би жинады», – деп көрсетеді. А.П. Чулошников «Жеті жарғыны» жетедің жариялануы деп көрсетеді. Кейде, «Жеті Жорға», яғни Тәуке ханның жеті биі болған, жетеуі де тілге шешен, жорға секілді төрт аяқтарын тең басқан, сондықтан да «Тәуке ханның жеті жорғасы» немесе «жеті жорға» деп халық айтқан», – дейді. Бұл пікірлердің толып жатқан осал тұстары бар. Жинақты құрастыруда негізгі себепкер ханның аты сыртта қалып, оны жеті биіне тиесілі етудің реті келмейтін сияқты. Тарихта, оның ішінде көшпелі Орта Азия халықтарының тарихында күрделі өзгерістерді, заң реформаларына қатысқан адам санымен атау – сирек кездесетін құбылыс. Егер расында да, жеті би «Жеті жарғыны» жүйелеген болса, бұл жинақ солардың санымен аталған болса, олардың есімдері халық жадында сақталған болар еді. Бірқатар деректерге қарағанда, Тәуке хан қырық рудан қырық би жинап, кеңесіп отырған. Жеті би емес, міне, осы қырық би «Жеті жарғыны» жүйелеуге қатысқан. Солардың ішінде үш жүздің ең беделді, ең басты үш биінің аты ғана сақталған. Сөйтіп, Тәуке ханның «жеті жорғасы» дегенге қосылу қиын. Енді бір зерттеушілер «Жеті жарғыны» былай түсіндіреді. «Жеті» қазақтарда санды білдіреді. Бұл сан шығыс халықтарында толықтылықты, жан-жақтылықты, кәметке жеткендікті ұғындырады. Мысалы, «жеті қазына», «жеті қабат жер, жеті қабат көк». Бұлай десек қазақ тілінде 7 санымен бірге 8 де (сегіз қырлы, бір сырлы), 4 те («Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «төрт түлігі сай», «жердің төрт бұрышы»), 40 та («қызға қырық үйден тыю», «көңілім қырық жамау») толықтылық, жетілгендік мағынасында қолданыла береді. «Жеті» – билердің санын, не толықтылықты, жетілгендікті білдірмей, тек сандық мағынаны

білдіруі ықтимал. «Жарғы» сөзі байырғы түркі тілінде «йалығ», қазақша «жарлық» мағынасын береді. «Жеті жарғы» – «Жеті жарлық», «Жеті дау», «Жеті шешім» дегенді бідіреді [8, 62].

Өз Тәуке хан тұсында қабылданған заң ережелеріне қатысты «Жеті жарғы» атауын ғылымда алғаш рет Н.И. Гродеков қолданды. Ол Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария губерниясының әскери губернатор қызметін атқара жүріп, қазақтың әдет-ғұрып, заң ережелеріне қатысты деректерді жинаған. Оның пікірінше, Жеті жарғы Қасым, Есім хан заманындағы қазақтың ескілікті заңдарының негізінде жасалған: «Хан Тауке собрал на урочище Культобе семь биев, в числе которых был знаменитый би Толе Алимбеков, и эти бии соединили старинные обычаи ханов Касыма и Ишима в новые обычаи, называемые «жеты жарга». Н. Гродеков «Жеті жарғыны» түзеген билердің «жарғыш» атанғанын хабарлайды. Академик Әлкей Марғұлан «Жеті жарғы» – жеті жарғыш, яғни жеті әділ, қара қылды қақ жарған билердің билігі дегенді қолдайды [8, 24-25].

Дәстүрлі қазақ қоғамы еркін азаматтардың қоғамы, қару ұстауға шамасы келетін әр азамат жалпыхалықтық «қаз» деп аталған жиынға қатысады. Қазды меңгерген билерге «Қаз дауысты» атағы берілген. Хандық билік азаматтық қоғамның осындай өмір сүру тәртібімен санасатындай етіп құрылды, яғни билік әртүрлі саяси күштерді оңтайлы топтастыратын теңгермешілік идеясына негізделді. Бұл жиын XVIII ғасырға дейін атын өзгерткен жоқ.

Академик Ә.Марғұлан «Қасым ханның қасқа жолы» заңдары орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстарында қолданылған «Ярғу» заңынан алынған, қазақша «Жарғы» деген ұғымды береді. Қасым хан саяси жағдайдың шиеленіскен кезінде от ауызды, орақ тілді, елге сыйлы билердің ықпалымен көшпелілер ерте заманнан мойындап келген «Жарғы» заңын күшейтті. Сондықтан «халық Қасымның шариғатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңы «Жарғыны» жаңадан көтергенін ұнатып, оны «Қасымның Қасқа жолы» деп атап кетті. «Қасымның қасқа жолының» басты ерекшелігі – ол қыр көшпелілерінің Шыңғыс заманынан бері үстем болып келе жатқан қатаң бір орталыққа, ұлыстық жүйеге бағыныштылығын бәсеңдетіп, туыстық-генеологиялық тәртіпке негізделген қарым-қатынастардың үстемдігіне себеп болды [2, 260].

Билікті күшейтудің жолы – мемлекеттің құқықтың негізін бекіту екенін жақсы түсінген Есім хан әдет-ғұрып заңдарына қатал ережелер енгізіп, бейтарап ережелерді азайтуға кіріскен болса керек. Сол себепті оның заманында елге танымал тәртіп «Есім ханның ескі жолы» деп аталды. Есім ханның кезінде қазақ хандығының астанасы, бірнеше мың жылдық тарихы бар Түркістан қаласында қазақтың және қазаққа қоңсы ағайындар өкілдерінің қатысуымен «Жеті жарғы» кеңесінің алғашқы отырыстары өткен. Мұның бір дәлелі – Есім ханның көрші қырғыз билеріне қамқорлық жасауы, оларды қалмақ және қашқар хандарынан қорғауы, Ташкентте «Көкемнің көк күмбезі» сияқты құрылыстарды салғызуы.

Жазба деректерде теңге соқтырған бір ғана қазақ ханы аталды. Ол – Ташкентте билік жүргізген Тұрсын Мұхаммед хан. Қиындыққа қарамастан, ақша түрлерін жинаушы тарихшы Райхан Бұрнашева көп іс атқарды. Зерттеуші Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Мемлекеттік Эрмитаждан Тұрсын Мұхаммед хан жасатқан екі теңгені тапқан. Сондай-ақ Р. Бұрнашева Ташкентте соғылған, бірақ қазба жұмыстары барысында Отырарда табылған кейбір теңгелердің бетінен «Тавакул» деген ханның атын оқиды. Ол бұларды қазақ ханы Тәуекел шығарған деп санайды. Ал Тәуке ханның шын аты Тәуекел болғанын ескерсек, бұл теңгелерді Тәуке хан соқтырған болуы әбден мүмкін. Тәуке ханның құжаттарға қоятын мөрінде «Тәуекел Мұхаммед баһадүр хан» деген жазу болған. Расымен де, Тәуке нағыз баһадүр болған. «Жеті жарғыда» «Әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауы тиіс, сұрамаған жағдайда арсыздығы үшін айып салынады» деген баптың болуы – үлкен өркениеттің белгісі [4, 30].

«Әз» – әулие деген мағынаны білдіреді. Ол «Әзиз» деген сөзден шыққан. Мысалы, Баба түкті шашты Әзиз деген сияқты. Бұл сөз «дана», «қасиетті», «қадірлі» деген мағынаға да ие. Оны ежелгі түркілік дәстүрдегі «құтпен» салыстыруға болады. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханды ел-жұрты «әз» деп атап, ерекше құрметтегені белгілі. Өйткені ол – ұлыстың атасы. Одан кейін қаншама хандар өткенімен, халық оларды «әз» деп атамаған. Бірақ ерен ерліктері, көзсіз батырлықтары, игі істері мен сіңірген еңбектеріне орай түрлі есім беріп, ардақтап отырған. Тәуке ханға да осындай сипат лайық көрген. Қазақ халқы оны елдікті жаңа белеске көтерген, мемлекетке соны сипат берген ұлыстың екінші атасы ретінде қабылдаған сияқты. Әрине, әулие болудың жолы тақуалық екені анық. Дегенмен, әз атану үшін дүниеден баз кешкен сопыхан, тақуа патша болу жалғыз шарт емес. Байырғы бабадан жеткен дәстүр, жөн-жосық бойынша ережелері бар. Ол бітік жазуларында кездеседі. Әз Тәуке осынау ескі ережені жаңғыртып, қағидат қалыптастырып, төрені тірілтті. Ал төренің түпкі қазығы – әділет. Әділетті орнықты заң жоқ жерде ештеңе көктемейді, мемлекеттіліктің тағандары берік болмайды. Олай болса, жұрттың жадында әділ билерге биліктің тізгінін ұстатып, «Жеті жарғыны» түзген, елдіктің ұстанымдарын нықтаған, сол арқылы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» берекелі заман орнатқан хан ретінде тарихта қалған Тәукені алаш халқы да ардақ тұтып, елдің «екінші әкесі» санап, өзге балап, әулиеге теңеген. Бұған қоса, Әз Тәуке діндар, тақуа хан болған сияқты [7, 16].

Әз Тәуке хан алты алаштың тізгінін алты биге ұстатады. XVIII ғасырдың бас кезіндегі дерек бойынша, Ұлы жүзде үйсін Төле би, Орта жүзе Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзде алшын Әйтеке би, Қырғызда Қараш би, Қарақалпақта Сасық би, Құрамада Мұхамед би. Сырттан қарағанда, өте қолайлы көрінгенімен, ақыр түбінде бұл бөліс Қазақ ордасының біржола ыдырауына жол ашты. Сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде алты ұлысқа бөлінгеннен соңғы жерде үш жүздің ара жігі айқындалды, қалған үш алаш өздерін дербес ұлыс, федерация құрамындағы жат жұрт деп сезіне бастады.

Саққұлақ шешеннің шежіресінде: «Тәуке ханның тұсында қырық рудан құралған қырық би болыпты», – делінген. *«Ханда қырық кісінің ақылы бар»* деген сөз Әз Тәукенің жанына өз заманының ақылмандарын, абыздары мен билерін жинағанын растайды [1, 85]

Деректерге қарағанда, Тәуке хан сексен мың әскер шығара алады екен. Мүмкін одан көп болған шығар. Үлкен ұлыс құрамындағы қырғыз, қарақалпақ, құраманы қоссақ, үш миллионнан еркін аспақ. Көшпенді жұртта бестің бірі, тіпті, төрттің бірі жарақ асынған жауынгер саналады. Ескі тарихты зерттеушілер әскер санынан халық санын, халық санынан әскер санын шығара береді. XVII ғасырдың соңы, XVIII ғасырдың басында, Қазақ ордасы үшін ең қатерлі кезеңде үш миллион халықтан тым құрыса үш мың әскер жасақтай алмау – орданың әскери ахуалының мүлде кері кеткенін көрсетеді.

Көпшілік қауым Тәуке ханның қазақ қоғамына тек құқық саласы бойынша енгізген өзгерістерін ғана біледі. Әз Тәуке әкімшілік, салық салаларында да реформалар жүргізген. Тәукеге дейінгі қазақ жері ұлыстық жүйе тәртібімен басқарылып, әр ұлыстың басында ақсүйектер, яғни Шыңғыс әулетінің ұрпақтары тұрды. Ұлыс мұрагерлік жолмен – әкеден балаға көшіп отырды. Ал Тәуке реформасына сәйкес бұған дейін сот қызметін ғана атқарып келген билер ел басқару құқығына ие болды. Яғни билер әкімшілік басқарушыға айналды. Әр руды, әр тайпаны, әр жүзді сол этникалық топтан шыққан би басқарды. Қазақтың ғасырлар бойғы арманы жүзеге асып, тарихи әділдік орнайды [10, 436].

Қандай да бір мемлекеттің сүйенетін екі тұғыры бар, оның бірі – заң, екіншісі – дін. Тәуке хан осы екі тұғырды қатар пайдаланады.

Әдебиеттер тізімі

1. М. Мағауин Қазақ тарихының әліппесі. Алматы: Қазақстан, 1995.
2. Н. Мыңжан Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994.
3. А. Сейдімбек Қазақтың ауызша тарихы. Астана: Фолиант, 2008.
4. Э. Телеуова Тәуке сұлтан хандықтың ішкі ісіне жас күнінен араласа бастаған. //Аңыз адам. - №24 (60) желтоқсан. - 2012. - 30-33 б.
5. Ш. Қаймолдаұлы. «Жеті Жарғы» жөнінде не білеміз? //Қазақ тарихы. - №2. -1993. -22-25 б.
6. Б. Ғабдулина Тәуке тұсындағы Қазақ хандығы. //Қазақ тарихы. - №6. - 2004. - 3-7 б.
7. Ж. Артықбаев Әз Тәуке хан. //Аңыз адам. - №24 (60) желтоқсан. - 2012. - 16-18 б.
8. Ш. Қаймолдаұлы «Жеті Жарғы» жөнінде не білеміз? Қазақ тарихы:№3, 1993 ж. 23-25 б.
9. Н. Өсерұлы Жеті жарғы. - Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 1995. – 80 б.
10. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 640 б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРУ-ЖАРАҒЫ

Өтеген Исенов

тарих ғылымдарының кандидаты, доценті

Бектұрғанов Қуаныш

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Мақаламызда қазақ халқының жаугершілік заманындағы қолданған қару-жарақтарының түрлерін қарастырмақпыз.

1. Қазақтың бес қаруы. Қазақтарда «ер қаруы – бес қару» деген мақал сөз бар. «Ер» сөзі батыр дегенді білдіреді. Қару – соғыста қолданылатын шабуыл құралы. Соғысқа қатысты екі сөз қосылып «ер қаруы» деген сөз тіркескенде, әскери термин ретінде, жай қару емес, батырдың қаруы, соғыс қаруы, яғни «жауынгерлік қару» деген ұғымды білдіріп тұр. Сондықтан «ер қаруы – бес қару» деген сөз тек батырларға байланысты айтылады. Қазақ батырларының қаруы – көшпенділер қаруының заңды жалғасы. Қазақтардың қару жасау, қолдану өнерінде көне дәстүрлер өткен ғасырларға дейін сақталып келді. Соғыста қолданылатын ер қаруының негізгі түрі бесеу болғанмен, ғасырлар бойы даму барысында әр қарудың бірнеше үлгілері пайда болып, әртүрлі формалары қалыптасып, жасалу жолдары күрделеніп, жетілдіріліп отырды. Қару арқылы өз елін жаудан қорғады [1, 86-87].

2. Түйрейтін қарулар. Түйреу қаруы – атты жауынгердің негізгі қаруларының бірі. Қазақтар қолданған түйреу қаруының негізгі үш түрі болды. Қарудың бірінші түрі – жақын қашықтықта, бетпе-бет айқаста сауытсыз қарсыласқа қолданылатын «найза». Түйреу қаруының екінші түрі – темір сауытпен жарақтанған қарсыласқа қарсы қолданылатын «сүңгі». Түйреу қаруының үшінші түрі – алыс қашықтыққа лақтыру арқылы қолданылатын қысқа сапты «жыда». Жақын қашықтықта, бетпе-бет айқаста түйреу арқылы қолданылатын қару түрі – «найза». Оның жарақат салатын негізгі бөлігі – «басы», қолға ұстайтын жері «сабы». Найзаның ұзын келген, екі басы да үшкір, сауытты тесуге арналған түрі – «сүңгі» деп аталады. Айқаста сүңгінің екі жақ басы бірдей қолданылады. Найзаның басындағы темірден жасалған түйрейтін бөлігі – «жебесі» деп аталады. Найза жебелерінің жалпы ұзындықтары 27-57,5 см аралығында болып келеді. Майыспайтын берік болу үшін, кейбір жебесі ұшының ортасында екі жағынан дөңес қыр жасалды. Әр типтің ұңғысы күмбезсіз, ұңғысы бір күмбезді немесе ұңғысы қос